Дети: Нашего президента зовут Нурсултан Абишевич Назарбаев.

Воспитатель: А как называется наша область?

Дети: Мы живем в Карагандинской области.

Воспитатель: Найдите красную точку – это обозначение нашего города.

Воспитатель: Как называется город, в котором мы живём?

Дети: Мы живем в городе Сарань.

Воспитатель: Как называется наш детский сад?

Дети: Наш детский сад называется "Берёзка".

Воспитатель: Какие улицы нашего города вы знаете?

Дети: ул. Ленина, ул. Чкалова, ул. Победы, ул. Жамбыла...

Воспитатель: На какой улице находится наш детский сад?

Дети: Наш детский сад находится на улице Жамбыла 64А.

Воспитатель: Я живу на улице Рокоссовского. А вы?.....

Дети отвечают, на каких улицах города они живут.

Воспитатель: Ребята вы слышите, кто-то к нам стучится. Кто бы это мог быть?

Предположения детей.

Воспитатель открывает дверь, а там сказочный инопланетянин Космик.

Воспитатель: Ребята, посмотрите, кто к нам пришел?

Ответы детей.

Воспитатель: Он прилетел к нам в гости не то что из другого города, а с другой планеты. Давайте с ним познакомимся.

Дети по очереди называют свое фамилию, имя.

Воспитатель: Молодцы! Ребята, Космик никогда не был в нашем городе, и просит нас рассказать ему о нем. Расскажем?

Дети: да!

Воспитатель: Сарань — город областного значения в Карагандинской области Республики Казахстан, административно подчинен областному центру. Находится в 25 километрах к юго-западу от Караганды. Город образован 20 декабря 1954 года из части города Караганды. К концу 1961 года в состав Сарани вошли бывшие населенные пункты: В настоящее время территория города составляет 168 км². На территории города проживают представители 74 национальностей. На территории города имеются уникальные памятники истории и культуры: памятники Жамбылу Жабаеву, А. С. Пушкину, Матери и ребенку, стела Победы. Они являются украшением города.

Воспитатель: Ребята давайте Космику прочтем стихи о нашем городе



Чтение стихов.

1 ребенок

Моя Сарань – моя новая жизни страница!
В твоих ладонях, в объятьях рисунчатых линий-дорог,
Я оживаю над степью бескрайней порхающей птицей!
Я посвящаю тебе, город мой, эти несколько строк!

2 ребенок

Я живу, и родилась, в городе не маленьком,
Славен он добычею угля, Саранью называется.

3 ребенок.

Мы живем, мы растем, в нашем городе родном.
Для кого-то он большой, а для нас - огромный!
Пусть живет! Пусть растет! Городок наш скромный!

Воспитатель: Ребята перед вами лежат картинки, вам необходимо из предложенных символов выбрать герб нашего города Сарань.

Воспитатель: А теперь сравните, правильно ли вы выбрали герб.

Воспитатель: Что изображено на нем?

Дети: На гербе изображена шахта.

Воспитатель: Молодцы, правильно. Сарань – типичный шахтёрский городок. Кроме каменного угля, в Сарани добывают известняки, бутовый камень и другое сырьё для строительных материалов. Поэтому на гербе нашего города изображена шахта.

Воспитатель: А теперь давайте вместе с Космиком немного отдохнем.

Физ.минутка «Дом» (<https://doshkolnik.net/fizkultminutki/fizminutka-do>)

- Молодцы. Хорошо отдохнули. Продолжаем.

Воспитатель: у меня есть загадки про наш город, слушайте внимательно.

Воспитатель загадывает детям загадки, (<http://kidsclever.ru/content/zagadki-pro-gorod>) про автостанцию, почту, школу, детский сад, больницу, магазин.

Дети внимательно слушают загадку до конца и затем дают ответ.

Воспитатель: Молодцы. Все загадки отгадали.

Воспитатель: А теперь посмотрите на фотографию и угадайте, что изображено. Дидактическая игра «Узнай на фото»

1 картинка-площадь ДК

Дети: площадь Дом культуры, здесь любят гулять и зимой и летом не только приезжие, но и горожане. Здесь проводят праздники.

2 картинка- Стела.

Дети: Вечный огонь. Его установили в память о победе в Великой Отечественной Войне.

3 картинка- Спортивная школа

Дети: В спортивной школе занимаются спортом, можно записываться в разные секции. Играть в футбол, волейбол, плавать и заниматься разными видами борьбы. В спортивную школу ходят, чтобы быть здоровым.

4 картинка – ДМЦ

Дети: Это центр развития и досуга. Там можно записаться в кружки по интересам. Дети учатся танцевать, рисовать, вязать, изучать языки, там показывают разные представления и сказки.

5 картинка – Библиотека

Дети: Библиотека это дом, где хранятся книги. Их можно брать домой или читать в читальном зале. Книги в библиотеке лежат на стеллажах. Их там очень много.

6 картинка – памятник Жамбыл Жабаев



Дети: Это казахский народный акын, один из крупнейших представителей устного народного творчества. Он писал поэмы, песни, стихи и сказки.

7 картинка – памятник «Матери и ребенка»

Дети: Это-памятник, посвящённый матери. Этот памятник изображает женщину, рядом с которой сидят дети. Мама – это самый близкий, самый любимый и самый дорогой человек. Мама о нас заботится, любит. И сколько бы ни было нам лет, мама всегда будет считать нас детьми и относиться с трепетом и любовью.

Воспитатель: Молодцы, теперь Космик увидел какой у нас красивый город. А сейчас закройте глаза и послушайте звуки, которые мы можем услышать у нас в городе.

Прослушивание звуков города: шум машин, пение птиц, шум листьев, шум фонтанов.

Воспитатель: Как вы думаете, что мы услышали?

Ответы детей.

Воспитатель: А сейчас ребята я предлагаю вам помечтать «Если бы я был волшебником, то сделал бы так...»

Дети рассказывают, чтобы они хотели сделать для города, чтобы он стал еще красивее, лучше.

Воспитатель: Молодцы. Все знаете.

Воспитатель: Ребята Космику очень понравился наш город, он обязательно расскажет, жителям своей планеты о нашем городе. А чтобы ему легче было рассказать о нашем городе, давайте нарисуем ему рисунки нашего города.

Дети приступают к рисованию. Дарят Космику свои рисунки. Рассказывают, что они нарисовали.

Космик благодарит детей. Прощается.

Воспитатель: Ребята, а что вам понравилось сегодня больше всего?

Ответы детей.

Воспитатель: Ребята, вы молодцы! Вы сегодня очень хорошо отвечали на мои вопросы. Я вижу, вы знаете и любите свой город, в котором вы живете. И раз вы такие всезнайки, то я вам хочу подарить магнитики с изображением разных известных мест нашего города.

Дети прощаются с гостями на трех языках.

Используемая литература

1. «Моя Сарань – судьба в судьбе» Л. Н. Ким Қарағанды: ТаиС 2014 г
2. Комарова Т.С. Изобразительная деятельность в детском саду. Старшая группа. - М.2015.
3. Рыбалова И. «Ознакомление с родным городом как средство патриотического воспитания» Дошкольное воспитание №6 2003г
4. Алешина Н.В. «Патриотическое воспитание дошкольников» М 2004



Шуақты күн

Сайтбекова Жазира Тураровна, тәрбиеші

Алматы облысы, Текелі қаласы «Текелі қаласы әкімдігінің №2 балабақшасы» МКҚК

Білім беру саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: «Шуақты күн»

Бөлімдері: Сурет салу

МАҚСАТЫ: Дөңгелек пішінді күннің көзін алақанмен салуды үйретіп, күн туралы түсінік қалыптастыру, күннің көзі жарқырап тұрса, жылы болатынын түсіндіру. Дәстүрден тыс әдістері арқылы балалардың сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Ұйымшыл жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.

Қостілділік құрауыш: күн-солнце, сары-желтый, дөңгелек-круг.

Сөздік жұмыс: шуақты күн;

Қажетті құрал-жабдықтар, көрнекіліктер: күннің күліп тұрған бейнесі, ватман, гуашь, майлықтар.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші педагогтың әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық, оятушылық кезеңі	Жылулық шеңбері: Балаларға күннің күліп тұрған бетпердесін киіп, қолға күннің суретін ұстап кіру. -Балалар, көңіл-күйлерің қалай? -Әрине, өйткені мен -Алтын күнмін! -Өзіммен бірге күлкі, қуаныш ала келдім, сендермен бөліскім келеді. -Қане, бір-бірімізге қарап күлейікші. Жарайсыңдар балалар, барлығың көңілдісіңдер. -Балалар, күннің көзі бізге жылуын, шуағын береді екен.	-жақсы! -бір-біріне қарап күлімсірейді. -күннің айтқандарын тыңдайды
Ұйымдастырушылық, ізденушілік кезеңі	-Күнсіз өмірде тіршілік болмайды. -Өйткені күннің шуағы гүлдерге, жануарларға құстарға, жәндіктерге барлық тіршілік көзіне жылуын береді. -Балалар, қараңдаршы бірақ мына суреттегі біздің күніміз көңілсіз сияқты. Сендер күннің күлімдеуіне көмектесесіңдер ме? -Мен күннің көңілсіз болуын қаламаймын. -Балалар, күн қай кезде көңілсіз болуы мүмкін? -Дұрыс айтасыңдар балалар, күн ауа-райы өзгергенде көңілсіз болады екен.	-балалар мұқият тыңдайды -иә, көмектесеміз -жаңбыр жауғанда
	Ондай болса біз бір ойын ойнайық. «Қолшатыр» қимылды ойын -Балалар күніміз шуақты, көңілді болуы үшін күннің суретін салуға қалай қарайсыңдар? -Балаларға дәстүрден тыс сурет салу реттілігін	-балалар музыка әуенімен ойынға белсене қатысып ойнайды -иә, сурет саламыз



	түсіндіріп көрсету. -Балалар күннің пішіні қандай? -Ал, түсі қандай? -Дөңгелек нұрын шашып тұрған күннің нелері болады? Әрине, шуақтары болады. -Ондай болса балалар,біз қылқаламның көмегісіз алақанмен күннің суретін саламыз. -Сөздік жұмыс: «шуақты күн» Сергіту сәті: Жарық күнім, киінші, Алтын күнім, көрінші. Алқызыл көйлек жарасар, Бізге шаттық күн сыйлар! -Балалар, біздің жасаған жұмыстарымыз сендерге ұнады ма? «Күн мен түн» ойыны	-дөңгелек -сары -шуақтары -балалар ұйымшыл жұмыс жасайды. -сөздің мағынасын түсінеді -алақандарымен шапалақтап соғады, сөздерді қайталайды -Иә, ұнады
Рефлексиялық – түзетушілік кезеңі	-Балалар, біз бүгін не туралы айтып, ненің суретін салдық? -Күннің түсі, пішіні қандай? -Біз күннің суретін немен салдық? -Жарайсыңдар балалар! -Балаларды мадақтау!	-күн туралы айттық -күннің суретін -сары, дөңгелек -алақанмен -балалар өздерінің жасаған жұмыстарына қуанышты.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: күн туралы түсінік қалыптасады.

Менгереді: алақанмен сурет салуды.

Жасай алады: ұйымшыл жұмыс жасайды.

О возможностях предотвращения угроз информационной безопасности сетей на основе Wi-Fi технологий

*Абуова Махаббат Аманжоловна, преподаватель информатики
Медицинский колледж «Аяжан-Карасай» г.Каскелен*

Аннотация: В статье рассматриваются некоторые методы борьбы с угрозами информационной безопасности в беспроводных сетях.

Abstract: With article discusses some methods of dealing with information security threats in wireless networks.

Ключевые слова: информационная безопасность; угрозы; беспроводные сети

Keywords: information Security; threat; wireless network

На сегодняшний день компьютерная сеть является привычным средством коммуникации, а также инструментом для обмена информацией. Все большее распространение обретают беспроводные сети на основе технологии IEEE 802.11, известной как Wi-Fi. Сеть стандарта IEEE 802.11 – это тип локальной вычислительной сети, который с целью передачи данных использует высокочастотные радиоволны.

В первую очередь технология Wi-Fi ориентирована на организацию точек быстрого доступа в Интернет для пользователей мобильных устройств. Преимуществами сетей Wi-Fi являются несложное построение локальной сети, гибкость установки (сеть можно построить там, где нет возможности протянуть кабели), возможность перемещения пользователей в области действия сигнала, при этом оставаясь подключенными к сети. Также данная технология обеспечивает в одно и то же время доступ большого количества абонентов к сети Интернет.

Беспроводные сети часто используются в общественных местах (аэропорты, метро, вокзалы, кафе, торговые центры и т.д.). Сети Wi-Fi применяют крупные и мелкие предприятия для создания внутрикорпоративных сетей или подсетей.

С появлением сетей с беспроводным доступом возникли и угрозы безопасности этого вида сетей. Под угрозой информационной безопасности понимается совокупность условий и факторов, создающих потенциальную опасность, связанную с утечкой информации и/или несанкционированным или непреднамеренным воздействием на нее. Угрозы информационной безопасности, возникающие в связи с использованием сетей Wi-Fi, можно разделить на два класса: прямые и косвенные.

Прямые угрозы информационной безопасности возникают непосредственно при передаче данных по беспроводному стандарту IEEE 802.11. К этому классу относятся, например, такие угрозы как подбор злоумышленником пароля к точке доступа, перехват пакетов в сети Wi-Fi и их последующая расшифровка, блокирование информации, а также ее возможное искажение. В технологии Wi-Fi предусмотрены аутентификация и шифрование, но данные элементы защиты не всегда обеспечивают надежную безопасность сети. Во-первых, использование шифрования в несколько раз уменьшает скорость передачи данных по каналу, поэтому, нередко, шифрование сознательно не применяется администраторами сетей с целью оптимизации трафика. Во-вторых, в сетях Wi-Fi зачастую применяется устаревшая технология шифрования Wired Equivalent Privacy (WEP), которая уже давно была дискредитирована из-за высокой уязвимости в алгоритме распределения ключей. Существуют программы, которые могут достаточно быстро подобрать WEP-ключи.

Для борьбы с угрозой взлома, была разработана технология Wi-Fi Protected Access (WPA). WPA поддерживает протокол TKIP (Temporal Key Integrity Protocol), использующий



способ кодирования RC4, и способен программно реализовываться посредством обновления программного обеспечения. Протокол WPA производит контроль целостности данных. Для этого применяется метод контрольной суммы MIC (Message Integrity Code). Этот метод подвергается атакам "грубой силы" (brute-force attacks), однако при этом передача сетевого трафика на время автоматически останавливается и, в случае если точка доступа, основанная в WPA, детектирует в течение минуты свыше одной ошибки MIC протокола TKIP, то переуставляются сеансовые ключи, снижая угроза атак до минимума. В дальнейшем с целью заменить WPA стал применяться стандарт WPA2, который обеспечивает большую безопасность сети Wi-Fi, нежели его предшественник.

В сетях Wi-Fi применяется аутентификация стандарта IEEE 802.1X. Главными компонентами аутентификации IEEE 802.1X являются клиентский "запросчик", аутентификатор и сервер аутентификации. Клиентским запросчиком считается устройство, запрашивающее доступ к сети. Аутентификатор (обычно это точка доступа) аутентифицирует клиента для доступа к сети. Этот компонент обрабатывает запросы с клиентского запросчика, и оставляет сетевой интерфейс заблокированным вплоть до тех пор, пока не получит команду от сервера аутентификации на его разблокировку. Сервер аутентификации принимает и обрабатывает запрос на аутентификацию. Выполнив операцию аутентификации 802.1X, клиент принимает от сервера главный ключ (Master Key). Принятый ключ "привязывается" к данному сеансу аутентификации. Из данного ключа и на клиенте и на сервере генерируется один и тот же парный главный ключ (Pairwise Master Key). Сгенерированный ключ аутентификатор получает с сервера аутентификации с помощью заранее определенного атрибута RADIUS. Владея парным главным ключом, клиент и точка доступа генерируют парный временный ключ (Pairwise Transient Key), хотя по сути они никак не обменивались им. Устройства, подключенные к точке доступа, расшифровывают трафик именно с помощью парных главных ключей.

Другим видом аутентификации в сетях с беспроводным доступом является аутентификация по MAC-адресам. Для его организации администратор сети настраивает на точке доступа специальную таблицу фильтрации. В нее записываются MAC-адреса устройств локальной сети. После этого точкой доступа будут отвергаться всякая попытка подключения к сети устройства, MAC-адрес которого в таблицу не записан.

Косвенные угрозы связаны с присутствием в объекте и вблизи с объектом значительного количества сетей Wi-Fi, которые могут применяться с целью передачи информации, в том числе и полученной несанкционированно. Косвенные угрозы актуальны совершенно для любых организаций. Они представляют угрозу как для информации, которая передается и обрабатывается в компьютерных сетях, так и для речевой информации.

Приведем примеры возникновения косвенных угроз.

1. На предприятии злоумышленником может быть несанкционированно установлена Wi-Fi-камера с микрофоном. В целях повышения дальности передачи данных с видеокамеры на кровле здания устанавливается точка доступа Wi-Fi, функционирующая в качестве ретранслятора с направленной антенной. Таким образом информация из предприятия, в котором установлена камера, может быть принята в контрольной точке, находящейся на большом расстоянии от объекта.

2. Речевая информация с микрофона телефонного аппарата одного из работников предприятия может записываться и с помощью интегрированного в этот телефон модуля Wi-Fi передаваться на контрольный пункт. Контрольный пункт в целях увеличения скрытности может быть использован в одном из штатных режимов точек доступа Wi-Fi – «передача со скрытым именем». Благодаря этому режиму точка доступа станет невидима для программ обзора сетевого окружения.

3. В том случае если режим на объекте никак не дает возможность выносить носители информации за его пределы, выход в Интернет отсутствует либо ограничен, то злоумышлен-



ник способен совершенно легально подключиться к широкополосной сети Wi-Fi, расположенной рядом, и передать сведения. При этом он останется незамеченным из-за большого количества пользователей Wi-Fi сетей, передающих информацию за пределами объекта.

4. Непрофессионализм и халатность сотрудников предприятия может привести к утечке значимой важной информации.

5. В ходе работы между начальником и подчиненным могут возникать разногласия и конфликты. Зачастую сотрудник может быть недоволен своей заработной платой либо быть недовольным своим увольнением, но при этом он может иметь доступ к важной информации. Эту информацию такой сотрудник может похитить, исказить или безвозвратно удалить.

Каналы Wi-Fi-сетей являются довольно привлекательной средой передачи данных для несанкционированного получения информации по нескольким причинам:

1. Сигналы Wi-Fi-устройств обладают сложной структурой и широким спектром, вследствие этого данные сигналы нельзя распознать обычными устройствами радиомониторинга. Точно выявить сигнал Wi-Fi в широкой полосе частот современными устройствами радиомониторинга можно только лишь по энергетическому признаку при наличии полос параллельного анализа шириной несколько десятков МГц в скорости не менее 400 МГц/с и только лишь в ближней зоне. Wi-Fi сигналы точек доступа, которые находятся в дальней зоне, оказываются ниже уровня шумов приёмника. Выявить передатчики Wi-Fi узкополосными приёмниками при последовательном сканировании практически не имеется возможности.

2. Почти на каждом предприятии либо вблизи него находятся сети Wi-Fi общего пользования или частные Wi-Fi-сети. В окружении подобных сетей довольно затруднительно отличить легальных клиентов собственных и соседних сетей от клиентов, которые имеют возможности нелегального получения данных. Это предоставляет возможность достаточно эффективно скрывать несанкционированную передачу информации среди легальных каналов Wi-Fi.

3. С помощью каналов сетей Wi-Fi можно передавать звук, данные, видео в режиме реального времени. Это открывает широкие возможности для перехвата ценной информации. Поэтому на сегодняшний день не только звуковая информация, но и видеоданные в локальной сети находятся под угрозой.

К основным методам борьбы с косвенными угрозами относятся: повышение квалификации сотрудников локальных сетей (низкая грамотность может привести к ряду ошибок), борьба с халатностью во время работы, недопущение установки мини-камер и звукозаписывающих устройств.

Технология Wi-Fi безусловно является удобной и универсальной для организации локальной вычислительной сети. Однако она таит в себе множество очень серьёзных угроз информационной безопасности объекта. При совокупном использовании идентификации клиентов сети по MAC-адресам, аутентификации пользователей, парольной защиты сети, использовании технологий шифрования и эффективной борьбе с косвенными угрозами сеть Wi-Fi станет надёжным и безопасным средством обмена информацией.

Библиографический список:

1. Лихоносов А. Словарь-справочник по информационной безопасности. – М.: МФПА, 2010. 390с.
2. Олифер В. Олифер Н. Компьютерные сети. Принципы, технологии, протоколы: Учебник для вузов. 4-е изд. – СПб.: Питер, 2010 – 944с.
3. Таненбаум Э. Компьютерные сети. – СПб.: Питер, 2012 – 960 с.
4. WPA2 на защите беспроводных сетей Wi-Fi <http://www.technorium.ru/cisco/wireless/wpa2.shtml>



Қазақ тілін елтанымдық бағдарлы оқыту әдістемесі – қазақстантану ғылымының бір саласы

Амангелді Айнұр Амангелдиевна,
ф.ғ.к., С.Сейфуллин атындағы ҚАЗАТУ доценті, Астана қ.
Аяпбекова Баян Ескермесовна,
№194 мектеп-гимназиясы, Алматы қ.
Аяпбекова Салима Ескермесовна,
Ғ.Орманов атындағы №7 мектеп-гимназиясы, Астана қ.
Тоқтыбаева Манзура Есенгелдіқызы,
Алматы облысы Талғар ауданы Бесағаш ауылы №29 мектебі,

Аннотация

Мақалада қазақ тілін елтанымдық бағдарлы оқыту әдістемесін меңгерудің маңызы негізделеді. Білімділік, тәрбиелік мақсаттарды жүзеге асыруда тиімді болып, таным үдерісінің дұрыс бағыт алуына мән беріп, көркемдік танымын дамытуға назар аударылатыны көрсетіледі. Оқу-танымдық үдеріс кезінде тіл үйренуші тұлға қазақ ұлтының әлемді тілдік бейнелеуінің сырларын түсініп, басты құндылықтарын, материалдық және рухани байлығын меңгеретінін баяндалады.

Қазақ тілінің тағдыры Қазақстанның дербес егемен мемлекет ретінде қалыптасу үдерісімен тығыз байланысты және тек мемлекеттің ғана емес, жалпы қоғамның, қоғамды құраушы әрбір жеке адамның күш-жігерімен, қажеттілігімен айқындалады. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер және жүріп жатқан күрделі жаңғыру үдерісі жағдайында бүгінгі таңдағы түбегейлі мәселе – адамды іс жүзінде қоғамдық дамудың басты тұлғасы ету заңды құбылыс. Тіл үйренушінің әлеуметтену үдерісі де заман талабына сай болып отыр. «Білім берудің негізгі сатысында қазақ тілін оқытудың мақсаты – тәуелсіз елімізде қолданылу аясы кеңіген ана тіліміздің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсінген, қазақ тілінің сан-салалы қызметін меңгерген, коммуникативтік біліктілігі дамыған дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу» [1,б.45].

Мемлекеттік тілді үйренудің қажеттілігін бүгінгі күнде егемен Қазақстанның кез келген саналы азаматы түсініп, сезінуі керек. Тұлға жайындағы әлеуметтік теория бойынша адам қоғамның бір мүшесі бола тұрып, онда түрлі рөлдерде ойнап қана қоймайды, сонымен бірге өз әрекетінде белгілі бір әлеуметтік нормаларды басшылыққа алады. Сол себепті еліміздің әрбір азаматының қазақ тілін білу арқылы Қазақстанды, қазақ елін, қазақ тарихы мен мәдениетін білуі әлеуметтік нормаға айналуы тиіс.

Адамды тұтастықта тұлға деп тану қоғамды жаңаша құрумен өзектеседі. Өзін-өзі дамытуға бейім, жетілген, дара тұлғалар ғана бәсекелестікке қабілетті бола алады және тек солар ғана бәсекелестікке қабілетті өзгеше қоғам үлгісін құра алады. Мемлекетіміз жүргізіп отырған тіл саясаты бойынша қоғамымыздағы әрбір азаматтың мемлекеттік қазақ тілін тегін үйренуіне толық құқығы бар. «Тіл – адамды тұлға ретінде тәрбиелейтін күш, ана тілі – адамды белгілі бір ұлттың, халықтың өкілі етіп шығаратын құрал» [2, б.61].

Ұлтына, сенімі, нанымы, саяси көзқарасына, т.б. қарамастан, әрбір қазақстандық өзі өмір сүріп, күн көріп отырған мемлекетін «Отаным» деп тануы, оның негізін салып отырған қазақ ұлтын сыйлау, оның заңдарына бас ию, рәміздеріне құрмет, жетістігіне сүйсініп, мақтану, кемшіліктерін болдырмаудың жолын қарастыру – қазақстандық патриотизмнің белгілері.



Қазақстандық тілдік тұлға - өз ана тілін, мемлекеттік тілді, шет тілін, акпараттық технология тілдерін жетік меңгерген тұлға, үйреніп жүрген қазақ тілін қарым-қатынаста қолдану құзыреттілігіне ие, ол арқылы өзінің кәсіби, мәдениеттанымдық, рухани, шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын, саналы, белсенді, өзін-өзі дамытушы таным субъектісі. Қазір тек техникалық кемел білім алған адам шын мәніндегі зиялы азамат деп есептелмейді.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұ дүниеде қымбат не бар екен?! Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі. ... Еуропаның мейлінше бай мәдениеттерінің бірі ретінде қазақ тілі мен мәдениетін сапалы түрде игеруге дайын болудың да мәні зор», - деп жазады [3, б.89].

Білімді адам парадигмасы тұсындағы оқу-тәрбие үдерісінде сезімдік және рационалдық жақтардың бірлігі сақталмады. Қазіргі заман адамының ғылыми, рационалдық танымы басыңқы рөл атқарып, көркемдік танымының әлсірегендігі байқалады. Әлемді тану тек білімге негізделіп, сезімдік компоненті әлсіз болса, таным процесі сыңаржақ, ал таным әдістері шектеулі болады. Елтанымдық бағдарлы оқыту тілдік тұлғаның бөгде ел мәдениетін қабылдау мүмкіндігін арттыра түсуге ықпал жасайды. Сондықтан қазақ тілін елтанымдық бағдарлы оқыту тілдік тұлғаның таным мәдениетін қалыптастыруға негіз бола алады.

Білім берудегі «елтану» ұғымымен мағыналас «аймақтану» мәселесін Қазақстан ғылымында алғаш қарастырған ғалым – Телжан Шонанов болды. Ол жайлы 1925 жылы «Жаңа мектеп» журналының үшінші нөмірінде жарық көрген «Мектепте аймақ тану» атты мақаласында Телжан Шонановтың өзі: «Қазақстанда мектепте аймақ тану туралы еш кім қалам үшін түрткен жоқ десек болады. Біз білерде «Таң» журналында ғана бұл мәселе жайында жалғыз ғана қысқаша мақала болды. Кезектегі мақсат – қалың мұғалімдерді аймақ танудың мақсаты мен, мазмұны мен, әдісі мен таныстыру. Мәселе әлі бір арнаға салынбаған соң, бұл туралы әр кім тәжірибесін, білгенін, ойын майданға салуы керек. Бұл мәселе туралы түрлі пікірлер болуға мүмкін. Біз бұл мақалада тек өз түсінуімізше, мектепте аймақ тану деген не екенін баяндамақпыз. Мектепте аймақ тану деген дәл мынау деп бұл кезде еш кім де айта алмайды. Бұл пікір алысу мен шешілетін мәселе», - дейді [4, б.568].

Құзыреттілік дегеніміз – адамның алған білімін өз өмірін жақсарту мақсатында қолдана білуі болса, ғалымның: «Бұл күнгі аймақ тану ниеті – айналаны біліп, адам пайдасына жарату үшін өңдей, өзгерте білу», - деген сөздері бүгінгі күнде жаңалық аштық деп, жаңа терминмен атап жүрген «елтанымдық құзыреттілік» ұғымының өткен ғасырдың басында Қазақстан ғылымының басында болғандығын көрсетеді.

Ғалым: «Бұл күнде мектепте аймақ тану жайлы мықты екі ағым бар десек болады: бірі аймақ тануды өз алдына бір пән деп қарайды; екінші ағым аймақ тану өз алдына бөлек пән емес, тек педагогика әдісі деп қарайды. Бірақ, еш қайсысы да аймақ тану керек емес демейді», - дей келіп: «Біздің соңғы ағым дұрыс па деп ойлаймыз. Аймақтың табиғатын, кәсібін, қоғам тұрмысын білу керек. Мұның бәрі түрлі ғылымның басын құрайды, бірақ бір ғылым болып шыға алмайды. Аймақ тану – комплекс жүргізудің негізі. Үйренудің, білудің әдісі», - деп қорытады.

Олай болса, қазақ тілін оқытудың әдісі ретінде аймақтану, елтану әдісін қолданудың маңыздылығын, өзектілігін осыдан көреміз.

Орыс тіл білімінде лингвоелтанымға қатысты зерттеу жүргізген ғалымдар - Е.М. Верещагин мен В.Г. Костомаров және Г.Д. Томахин болды.

Е.М.Верещагин мен В.Г.Костомаров «Язык и культура» атты еңбегінде жаңа тілді меңгере отырып, кез-келген адам жаңа ұлттық мәдениетпен танысатынын, сол тіл бойындағы үлкен рухани қазынадан нәр алатынын айтады [5].



Г.Д. Томахин лингвоелтанымның маңызын: «Барлық сөздердің қосындысы – тіл дегеніміз – адамның ішкі әлемі мен сыртқы құбылыстар әлемінің арасында жатқан үлкен бір әлем», - деп түсіндіреді [6, б.77].

Қазақ тіл білімінде Қ. Қадашева түрік тілді студенттерге қазақ тілін лингвоелтанымдық бағытта оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздемесін жасады. Ғалымның ойынша: «Лингвоелтанымның негізгі нысаны – ел тарихын үйрету емес, керісінше, тілді тұтынушының фондық білімі, жалпылай айтсақ, өзге ел мәдениеті мен рухани құндылықтары» [7]. Негізгі бөлім Лингвоелтанымдық бағдарлы оқытудың мақсаты.

Қазақ тілін тану арқылы қазақстанды тану, қазақ деген ұлтты тану, мәңгілік ел – қазақ елін тану, қазақтың ұлттық мәдениетін тану мақсаттарын шешу - қазақ тілін елтанымдық бағдарлы оқытудың басты міндеті. Тілді меңгерген адам тілде жинақталған халық тәжірибесін де бірге меңгереді. Ол жаңа сөздер ойлап таппайды, тарихи қалыптасқан дайын мағыналар жүйесін меңгереді. Қоршаған ортаны қабылдап, тану тілдің лексикалық байлығына тікелей байланысты. Ата-бабаларымыздың ойарманы, мұң-мұқтажы, арман-тілектері, танымы, ділі тілде сақталған, олар сөз арқылы жарыққа шығады. Сөздердің жаңа мағыналарын ашу арқылы адамда жаңа түсініктер қалыптасады. Тіл - әлемге қосымша терезе ашады, жаңа бір тілді меңгеру арқылы адам өмірді бейтаныс қырларынан көру мүмкіндігіне ие болады, өмірге деген көзқарасы кеңейеді.

«Елтану дегеніміз – үйреніп жүрген тілді оқыту әдістемесінің зерттеу пәніне айналған сол тілде сөйлеуші елдің мәдениеті» [5]. Ол тілін үйренетін елдің қоғамдық және мәдени өмірі, дүниетанымы, басынан кешкен тарихы, географиясы, экономикасы, ішкі, сыртқы саясаты, мемлекеттік құрылымы жайындағы мәліметтерді қамтиды. Алайда, көп жағдайларда елтану пәні үйреніп жүрген тілде емес, аралық бір тілде (біздің елде көбінесе орыс тілінде) жүргізіледі де, тіл үйренуге ешқандай көмегі тимейді. Соған байланысты елтану пәні мен тіл үйрету сабақтарының арасындағы байланыс алшақтай түсуде (мысалы, қытай тілін білмесе де, ол елдің спорттағы жетістіктерін өте жақсы біліп, өз ана тілінде осы тақырыпта қызу пікірталас жүргізуге болады). Тілтану арқылы ұлттану, елтану мақсатын шешу – қазақ тілін оқытудың басты мақсаты болып отыр.

Тіл үйретудегі басты мақсат – тіл үйренушінің бойында сол тілді қолданушы халықтың жанын түсіну, ол халыққа, тілге деген сый-құрмет сезімдерін ояту болуы керек. Тіл үйрету әдістемесі ғылымының алдында тұрған бүгінгі күндегі аса өзекті мәселе – ең қажетті деп іріктелген лексикалық минимум арқылы елтану, мәдениеттану, этностануды қоса қамту болып табылады.

XIX ғасырдың соңғы ширегіне дейін тіл үйретуде лексикадан гөрі грамматика үстемдік алып келген. Реформа дәуіріне дейін өлі тілдерді оқыту үшін қолданылып келген грамматикалық немесе аударма әдісі тірі тілдерді оқытуда да сол қалпында қолданылған. Грамматизмнің олқылықтарына көз жеткен сайын, тілді үйрету мен сол тілді қолданушы халықтың өмірімен таныстыруды байланыстыра оқытудың қажеттілігі айқын көріне түсті. Бұл мәселе Реформа кезеңінде қолға алына бастады. Бірақ соған қарамастан, әлі күнге дейін тек септеу мен жіктеуді ғана үйрететін, танымдық мазмұндағы мәтіндер мен лексикалық жұмыстар мүлдем кездеспейтін оқулықтар да бар. «Тілді тек құрғақ таңбалар жүйесі деп қарастырып, оның негізгі эпистемиялық және когнитивтік қызметтерін есепке алмаудың нәтижесінде тіл үйрету сабақтарында грамматикалық ережелерді жаттату мен бірқалыпты жаттығуларды көшірту жүзеге асып келді. Бұл тіл сабақтарының мәнінің төмендеуі мен тіл үйренушілердің қызығушылықтарының жойылуына әкеліп соқтырды» [8, б.97].

Тілдің елтанымдық қызметін басшылыққа ала отырып іріктелген лексикалық бірліктер тіл үйренушілерге әлдеқайда тартымды, түсінікті, пайдалы әрі қажетті болары сөзсіз, ондай деректер арқылы тіл үйренушінің бойында сол тілді қолданушы халықтың жанын түсіну, ол халыққа, тілге деген сый-құрмет сезімдерін оятады.



Елтанымдық бағдарлы оқыту кезінде жаңа лексикалық материалдың көлемі күн санап молынан енгізіліп отырады. Алғашқы меңгерген ақпарат пен кейінгі үйренген лексикалық бірліктер бірін-бірі толықтырып, сөздік құрамда үздіксіз қолданысқа түсу барысында тіл үйренушінің меншігіне айнала береді. Қазақ тілін елтанымдық бағдарлы оқыту тілдік және сөйлеу материалдарының ішінен әр деңгейге сәйкес тіл үйренушіге ең қажетті минимумды сұрыптап алуды талап етеді және ол минимум елтанымдық ақпаратты кеңінен беруі керек. Мектеп оқушыларына тіл үйретуде ең қажетті деген лексикалық деректерді елтанымға сай дұрыс іріктеу жақсы нәтижеге жылдам қол жеткізуге үлкен ықпал етеді.

Бұл мәселеге қатысты зерттеу еңбектерге назар аударар болсақ, Ф.Оразбаева қазақ тілінің активті және пассивті сөздік қорын интуициялық, статистикалық, әдістемелік, лингвистикалық ұстанымдарға сай іріктеудің жолдарын қарастырды, сонымен қатар лексикалық бірліктердің ішінде тұрақты сөз тіркестерін оқыту мәселесіне ерекше тоқталды [9, б.177].

Қ.Қадашева қазақ тілін оқыту әдістемесінде лексикалық бірліктерді деңгейлерге сай іріктеу мәселесін алғаш қарастыра келіп, олардың стильдік шектелуінің болмауына, сөз тіркесінің құрамына ену қызметіне, қайталау жиілігіне назар аудару керектігін айтады [10, б.14].

Атап өткеніміздей, қазақ тілін оқыту әдістемесінде лексикалық бірліктерді іріктеу мәселесі ғалымдар тарапынан жан-жақты зерттелген десек те, қазақ тілін елтанымдық бағдарлы оқыту тұрғысынан алып қарастырған кезде, бұл мәселенің басы ашылмай жатқан бірнеше өзекті тұстары ортаға шығады.

“Шет тілді оқыту үдерісінде лексиканы меңгеру ерекше орын алады. Сөйлем арқылы берілетін ақпараттың 80 пайызын лексика құрайтындығы анықталған» [11, б.42].

Тілші-ғалым Т.Аяпова былай деп жазады: «Негізгі мақсат – тіл үйренуші адамның ойлау қабілетін біртіндеп қазақыландыру, сөйлеуге үйрету, сөйлесім дағдысын қалыптастыру, тіл мәдениетін көтеру. Ол үшін түрлі грамматикалық және лексикалық құрылымдарды ұтымды пайдалана білген абзал. Егер тілдік материалдар Адамға, Қоғамға және Табиғатқа, Қоршаған ортаға қатысты болса, тіл үйренушінің ойөрісін дамытып, білім деңгейін көтеруіне, тілді тезірек игеруіне үлкен септігін тигізеді сөзсіз» [12, б.90].

Яғни, лексика адамның мәдениеттілігіне, дүниетанымына, рухани байуына септігін тигізеді сөзсіз, ал бұл мәселелердің елтанымдық бағдарда басты орын алатыны белгілі.

Е.М.Верещагин мен В.Г.Костомаров: «Елтану бірліктерін іріктеудің негізгі ұстанымы – оларды қатысымдық мақсаттарға жұмсау мүмкіндігінің болуы», - дей келіп, «Елтану материалдарын іріктеуде қатысымдық ұстанымды қолдану әр жағдайда жеке әрі нақты шешімдер қабылдауды керек етеді, бұл жерде жалпы нұсқаулар айту мүмкін емес. Ең бастысы олардың идеологиялық мәнін, тәрбиелік-танымдық функциясын, эстетикалық құндылықтарын назарға алу қажет», - деп жазады [13, б.206].

Тілдің танымдық қызметін басшылыққа ала отырып іріктелген лексикалық бірліктер тіл үйренушілерге әлдеқайда тартымды, түсінікті, пайдалы әрі қажетті болады. Тіл үйретуде сол тілді қолданушы халықтың рухани мәдениеті жайында тереңірек мәлімет берудің кейбір жолдары төмендегідей:

- сабақ барысында кездесетін ұлттық сипаттағы сөздерді баламасы бар болса, тікелей аудару тәсілімен, егер жоқ болса, мағынасын ашу жолымен түсіндіру;

- мәтінге лингвистикалық талдау жасауда мәтінге қосымша автордың қысқаша өмірбаяны мен шығармашылығы, шығарманың жазылу тарихы, оқиға болған кезең т.б. жайлы мәліметтер беру;

- берілген тақырыпты, мәтінді түсіндіруде көру сезімдеріне әсер ету немесе соған сай бейнефильмдер, иллюстрациялар, суреттер сынды көрнекілік құралдарын ұсыну;

- сабаққа сәйкес кинотелекурстар ұйымдастыру;

- әр ұлттың өзіне ғана тән «ым тілі» жайында қосымша мәлімет беру, т.б.



Қазақ тілін оқытуда танымдық ұстанымға сәйкес іріктелген лексикалық материал арқылы төмендегі мақсаттар жүзеге асырылады:

- қазақ халқының басынан кешкен тарихы жайлы мағлұмат беру;
- қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстыру; - қазақ халқының тамыры тереңдерде жатқан мәдениетімен таныстыру;
- тарихи тұлғалардың өмірі жайлы мағлұматпен таныстыру;
- Қазақстанның атақты адамдары жайында (ақын-жазушы, әнші, күйші, ғалым, еңбек ардагері, ғарышкер, спортшы, т.б.) мәлімет беру;
- Қазақстанның жер жүзінде саяси, әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан алатын орны жайлы мәліметтер беру;
- Қазақстанның бай табиғатымен таныстыру;
- ел өміріндегі тарихи кезеңдер жайлы мәлімет беру;
- қазақ тілінің маржандары – фразеологизмдермен таныстыру;
- сөз атасы мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді сөздік қорына енгізу;
- әрбір сабақта қайталап айтқызу арқылы қазақ әндерін үйрету т.б.

Қазақ тілін оқыту сабақтарында ұлттанымдық деректерді тиімді тәсілдер арқылы ұсынуға бағытталған жұмыстарды жүргізу үшін мұғалім ұлт тарихы, мәдениеті жайында терең біліммен қаруланған, жан-жақты, білікті, нағыз ұлтжанды маман болуы керек. Қатысымдық құзыреттіліктің маңызды бөлігі болып есептелетін лингвоелтанымдық құралдарды игеру лингвоелтанымдық құзыреттілікті қалыптастырады. Бұл құзыреттіліктің қатысымдағы маңызы өте зор, себебі оның астарында меңгеріліп отырған тілдің иесі болып табылатын халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін, ұлттық ерекшелігін қамтыған жүйе жатыр.

«Мұғалімнің сабаққа қосымша лингвистикалық, этимологиялық немесе елтанымдық бағыттағы түсіндірмелері қызығушылық тудыруға, зейінді арттыруға, ассоциативті-логикалық есті дамытуға көп көмектеседі» [14, б.36]. Тіл үйретуші мұғалім ұлт тарихы, мәдениеті, тұрмыс-салты, дүниетанымы жайындағы қосымша материалдарды аз уақыттың ішінде тартымды, қызықты етіп жеткізе алу үшін жанжақты терең біліммен қаруланған білікті маман болуы керек. Өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік қазақ тілін үйретуде оның білімділік, қатысымдық қызметімен қатар тіл арқылы адамзат баласы жинаған тарихи-мәдени, рухани мұраларды меңгерудің және өз ойын жеткізудің, өзін-өзі тану мен өзгені танудың бірден-бір құралы тіл екендігіне көз жеткізетін танымдық қызметін меңгерту міндеті тұр.

Қазақ тілін оқытуда елтанымдық, ұлттанымдық деректерді жүйелі түрде оқыту арқылы біз тұлғаның ұлтжандылық, патриоттық, отансүйгіштік, эстетикалық, этикалық қасиеттерін, ерекше ұлттық дүниетанымын қалыптастырамыз. Бұл қасиеттер жеке тұлғаның құндылық бағдарын құрап, тілдік сананың негізін қалайды. Тұлғаның құндылық бағдары тұлғаның іс-әрекеттік бағытын, ішкі рухани әлемін қалыптастырады, тұлғалық қасиеттердің бекуіне ықпал жасайды. Бұндай оқыту тіл үйренушінің рухани-ағартушылық және мәдени-зияткерлік деңгейін көтеруге, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын жалпы адамзаттық құндылықтармен бірге идеалдар рухында тәрбиелеуге бағытталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қосымова Г. Тәуелсіз Қазақстанның білікті азаматтарын қалыптастырудағы қазақ тілі пәнінің міндеттері // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2003. - №7. – 128 б.
2. Сыздық Р. Қазақ сөзінің әсемдік құдіретін жоғалтпалық // «Мемлекеттік тіл және рухани мәдениет» атты профессор Ш.Сарыбаевтың 75 жылдығына орай ұйымдастырылған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: Арыс, 2001. – 183 б.
3. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында / Н.Ә.Назарбаев. - Алматы: Ата мұра, 1999. – 296б.



4. Шонанұлы Т. Мектепте аймақ тану. XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 бет. 568-574 б.б.
- 5.Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. - Москва: Русский язык, 1990.
6. Томахин Г.Д. Понятие лингвострановедения. Его лингвистические и лингводидактические основы//Иностранные языки в школе.- М.: 1980. -С.77-81.
7. Қадашева Қ. Түріктілі аудиторияда тіл үйретудің лингвоелтанымдық мазмұны // <http://www.ayk.gov.tr>
8. Леонович Е.Н. Предмет русского языка и задачи развития речи // Начальная школа. №4. – 2000. –С. 97-104.
9. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: Теориясы және әдістемесі. – Алматы: Ы.Алтынсарин ат. ҚБАРБК, 2000. – 208б.
10. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. А: Мұрагер, 2005. – 176 б.
11. Джоламанова В.Д. О лингвистических основах организации учебного лексического материала.// Лингвистические основы обучения иностранным языкам. – Алматы: Издво КазГУ, 1987.- 81с.
12. Аяпова Т. Қазақ тілі. Казахский язык для начинающих. – Алматы: Ана тілі. – 1999.- 94б.
- 13.Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Лингвистическая проблематика страноведения в преподавании русского языка как иностранного. - М.: МГУ, 1971. - 143 с. 340
- 14.Выготский Л. Возрастная и педагогическая психология.– М.: Психология, 1970. – 442 с.

Туризм саласында географиялық атаулардың бейнелену заңдылықтары мен ғылыми қолданбалы маңызы

Аяпбекова Алия Ескермесовна

ғ.ғ.к., доцент, «Тұран-Астана» университеті, Астана қ.

Мусина Жанар Амангельдиновна

Аға оқытушы «Тұран-Астана» университеті, Астана қ.

Аяпбеков Алмас Елемесович

магистрант, Тұран-Астана университеті, Астана қ.

Сейсенбаева Гүлхат Молдабайқызы

Аға оқытушы, «Шет тілдер және іскерлік карьера» университеті, Алматы қ.

Аннотация

Мақалада топонимиканы туризм саласының туристік өнім бағытында қалыптастыру нәтижесі айтылып, геожүйе топонимдерін турөнім тұрғысынан топтастырудың керектігі мәлімденеді. Географиялық атаулардан толық геоэкологиялық және туристік нысандар туралы ақпарат алуға болады және ақпараттан туристерге қазақ халқының ерекше табиғатын білдіруге болады.

Философияда табиғат пен қоғам арасындағы қарым қатынасты түсіндіруге XX ғасырдың ортасындағы география тарихында үлкен орыныбар академик В.Б.Сочава кіргізген



«Геожүйе» деп аталатын түсінік қолданылады. Геожүйе дегеніміз – қоғамдық өмірмен бірге байланысқа түсіп қарым- қатынас жасайтын оның дамуына тікелей қажетті болып табылатын табиғат дүниесінің бөлігі. Оған жер қыртысы, пайдалы қазбалар, атмосфера, су, топырақ, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі жатады. Адамзаттың бүкіл болмысы геожүйемен тығыз байланысты, болғандықтан да, халықтардың тарихи дамуының қарқыны осы ортаның ықпалында болуы түсінікті сияқты [1, б.24].

